

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Әуликөл ауданы Аманқарағай ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 16 қаңтардағы № 1 шешімі

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 19-бабына, 69-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес және 2023 жылғы 23 қарашадағы № 30 Әуликөл ауданы жер учаскелерін беру жөніндегі комиссия отырысының хаттамасынан үзінді көшірмесінің негізінде Әуликөл ауданы Аманқарағай ауылдық округінің әкімі ШЕШТІ:

1. "Қазақтелеком" акционерлік қоғамына "B2G сегменті үшін ТОВЖ құрылысы, Қостанай облысы" объектісі бойынша талшықты-оптикалық байланыс желісіне қызмет көрсету және пайдалану үшін Аманқарағай ауылының Ленин көшесі аумағында орналасқан жалпы ауданы 0,0150 гектар бөлінбейтін жер учаскесіне шектеулі нысаналы пайдалану (қауымдық сервитут) құқығы белгіленсін.

2. "Аманқарағай ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік бес күн ішінде оның қазақ және орыс тілдерінде электрондық түрдегі "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Әуликөл ауданы әкімдігінің интернет - ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Б. Исмаилов